

"Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын орындау ісіндегі елеулі кемшіліктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысының орындалу барысына жүргізілген тексеру бірқатар атқарушы органдар, ұйымдар басшыларының шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін дарынды жастарды іріктеуде жауапсыздық танытқанын әрі елеулі жөнсіздіктерге жол бергенін анықтады. Келешегі жоқ студенттерді оқуға жіберу оқиғалары орын алып, олар кейіннен үлгімегендігі үшін оқудан шығарылған. Соның салдарынан Республикаға материалдық нұқсан келтірілді, "Болашақ" халықаралық стипендиясының төңірегінде келеңсіз ахуал қалыптасты, мұның өзі сыни жарияланымдар басылуына және Мемлекет басшысының атына шағымдар жазылуына әкеліп соқты. Жоғарыда айтылғандардың негізінде қаулы етемін:

1. Мыналар қызметінен босатылсын:

1) М.Ж. Жұрынов, Қазақстан Республикасының Білім министрі, - "Болашақ" халықаралық стипендиясына кандидаттарды іріктеп алу кезінде жіберген елеулі жөнсіздіктерден көрінген өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше атқармағаны үшін, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 30-бабының 1-тармағының негізінде;

2) Т.А. Мамашев, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі; С.Д. Бейсенов, Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Латвия Республикасы мен Эстон Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы, - қызметтік әдеп нормаларын сақтамауынан көрінген өздеріне жүктелген міндеттерді атқармағандығы үшін, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 11-бабының 5)-тармақшасының, 30-бабының 1-тармағының негізінде.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры К.Н. Нәрібаевқа сөгіс жариялансын.

3. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия төрағасының міндетін атқарғандар И.Н. Тасмағамбетовке, Т.Т. Жүкеевке "Болашақ" халықаралық стипендиясына кандидаттар іріктеп алу кезінде бақылаусыздыққа жол бергені көрсетілсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия хатшысының міндетін атқарған Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының консультанты Е.Б.Сақыповты қызметінен босатсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын іске асыру кезінде жөнсіздіктерге жол берген лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қарайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Болашақ" халықаралық стипендиясына кандидаттар іріктеуде жіберілген елеулі жөнсіздіктері үшін:

1) мыналарды қызметтерінен босатсын:

Н.Ә. Әпсәлямовты - Мемлекеттік Қаржы институтының ректоры
(Семей қаласы);

Т.Ш. Қалменовты - Оңтүстік Қазақстан техникалық университетінің ректоры;

М.С. Панинді - "Семей" Мемлекеттік университетінің ректоры,

2) Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің ректоры, бұрын Қазақстан Республикасының Білім министрі болып істеген Е.Ә. Мәмбетқазиевтің жауапкершілігі туралы мәселе қарасын.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 2005.05.04. N 1569 Жарлығымен.

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 2004.05.14. N 1368 Ж а р л ы ғ ы м е н .

9 . < * >

Ескерту. 9-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 2000.10.12. N 470 Жарлығымен.

10. "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

2) 3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Президентіне халықаралық

стипендиялар белгілеу үшін оқуға жіберуге ұсынылып отырған кандидатураларды енгізісін" сөздері алынып тасталсын.

11. "Шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 желтоқсандағы N 1245 қаулысының күші жойылсын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Білім министрлігі қойылатын талаптарға сай келмейтін стипендиаттарды оқытуды қаржыландыруды белгіленген тәртіппен тоқтататын болсын.

13. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетелде кадрлар даярлауға бағытталған қаражаттың жұмсалудың заңдылығы мен дұрыстығын тексеріп, өз әрекеттері арқылы мемлекетке материалдық нұқсан келтірген лауазымды адамдарға шаралар қолданатын болсын, келтірілген нұқсанның өтелуін заңдарда белгіленген тәртіппен кінәлі адамдардың есебінен қамтамасыз етсін.

14. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның төрағасы комиссияның жұмысы туралы Мемлекет басшысына жыл сайын баяндап тұратын болсын.

15. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 3 3 7 5 Ж а р л ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ"

стипендиясын беру тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Республика Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысымен белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" стипендиясын (бұдан былай - "Болашақ" стипендиясы) беру тәртібін, сондай-ақ Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан былай - Республикалық комиссия) өкілеттігін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. "Болашақ" стипендиясы Қазақстанның неғұрлым дарынды жастарының жыл сайын жарияланатын рейтингке сай үздік көрсеткіштерге жеткен шетелдік

жоғары оқу орындарында (бұдан былай - оқу орындары) магистр (шебер) деңгейінде жоғары білім алуына жәрдемдесуді алдына мақсат етіп қояды.

2. "Болашақ" стипендиясы жыл сайын республикалық бюджеттен бөлінеді және ол оқуға, баспанаға, тамақтануға, оқулық әдебиетке, медициналық сақтандыруға, Қазақстаннан оқу орнына барып-қайту жолақысына кететін шығыстардың барлық түрін, стипендиаттардың жеке мұқтаждарына қажет ақша қаражаты мен олардың оқу орнында оқыған кезіндегі басқа да шығындарын қамтиды.

3. "Болашақ" стипендиясы дербес болып табылады және оны Республикалық комиссия конкурстық іріктеуден өткен неғұрлым дарынды жастарға жыл сайын беріп тұрады.

2. Республикалық комиссияның өкілеттігі және оның қызметін ұйымдастыру

4. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін кандидатуралар іріктеу құқығына ие, оның қызметі Республика заңдарымен, Республика Президентінің актілерімен және Республика Үкіметінің қаулыларымен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі.

Республикалық комиссияның өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері тиісті мемлекеттік органдар үшін міндетті.

5. Республикалық комиссияның құрамын Республика Президенті анықтайды. Республикалық комиссияға Республиканың Мемлекеттік хатшысы басшылық жасайды. Республикалық комиссияның хатшысы лауазымы бойынша Республиканың Білім министрі болып табылады.

Республикалық комиссияның жұмыс органы Білім министрлігі болып табылады.

6. Республикалық комиссия:

жыл сайын стипендиаттар қабылдау жоспарын, Республиканың аймақтары бойынша квоталарды, комиссия өткізетін конкурс шарттарын айқындайды;

стипендиаттарды іріктеуге, шетелде оқытуға және одан кейін жұмысқа орналастыруға байланысты жекелеген мәселелерді зерделеу үшін қажет болған жағдайда жұмыс комиссияларын құрады;

өз отырыстарында мемлекеттік органдар басшыларының "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын іске асыру жөнінде олардың жүргізген жұмысы туралы ақпараттары мен есептерін тыңдап отырады;

стратегияны анықтап, үміткерлерді іріктеуді, стипендиаттарды шетелде

оқыту мен одан кейін жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

"Болашақ" стипендиясын үміткерлерге алдын-ала іріктеу жүргізудің тәртібін белгілейді;

"Болашақ" стипендиясына конкурс өткізудің мерзімдері мен шарттары туралы жастарды кеңінен хабардар етеді, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді;

екі іріктеу турының нәтижелері негізінде үшінші турда "Болашақ" халықаралық стипендиясына іріктеу жөніндегі шараларды әзірлеп, іске асырады;

шетелде оқуға ұсынылған үміткерлерге "Болашақ" стипендиясын беру туралы шешім қабылдайды;

стипендиаттармен жасасылатын контракттардың нысандарын белгілейді;

оқу жылының қорытындылары бойынша стипендиаттар оқуының нәтижелерін қарап, олардың "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде оқуды жалғастыратыны немесе тоқтататыны туралы шешім қабылдайды;

шетелдегі оқуды аяқталғаннан кейін стипендиаттарды Республиканың мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жұмысқа орналастыру жөнінде қажетті шаралар қолданады.

7. Республикалық комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан жағдайда құқықты болып табылады және оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіліп тұрады. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Республикалық комиссия Төрағасының шешімі бойынша өткізіледі.

8. Республикалық комиссияның Төрағасы Республика заңдарына және осы Ережеге сәйкес оның жұмысын ұйымдастырып, қызметін қамтамасыз етеді.

9. Республикалық комиссияның хатшысы Республикалық комиссияның қарауына ұсынылған құжаттар мен материалдардың дұрыстығы мен объективтілігі үшін жауап береді.

10. Республикалық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысқан комиссия мүшелері санының үштен екісінің дауысымен қабылданады.

3. "Болашақ" стипендиясына үміткерлерге қойылатын талаптар

11. "Болашақ" стипендиясына арналған конкурсқа қатысуға Қазақстан мемлекеттік жоғары оқу орындарының соңғы курстарының студенттері болып табылатын 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ жоғары оқу орындарын бітірген адамдар - аспиранттар, жас оқытушылар, ғылыми дәрежесі жоқ ғылыми қызметкерлер, мамандар, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының тағлым алушылары жіберіледі.

12. Стипендия, әдетте, 1-2 жылға дейінгі, бірақ шетелдік оқу орындарының оқу жоспарында көзделген мерзімінен аспайтын мерзімге магистр (шебер) дәрежесіне оқытуға арналып беріледі. Ерекше жағдайларда стипендия Қазақстан жоғары оқу орындарының жас оқытушылары мен қызметкерлеріне тағлымдамадан өту үшін бір жылға дейінгі мерзімге берілуі мүмкін.

13. Кандидаттар мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнындағы орташа үлгерім баллы
4,75 - тен кем болмауға;

қабылдаушы тараптың тиісті сынақтары мен емтихандарын тапсырғаны жөнінде сертификаттармен немесе өзге құжаттармен расталған шет тілдерінің (ағылшын, неміс, француз және т.б.) бірін еркін меңгеруге;

жарияланымдармен, авторлық куәліктермен, баяндамалар тезистерімен, дипломдармен және т.б. расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене және нәтижелі қатысуға;

жеке компьютерді пайдаланушы режиміне еркін меңгеруге тиіс.

14. Арнайы ғылыми дәрістер мен жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары "Болашақ" стипендиясына арналған конкурсқа осы Ереженің 13-тармағында көзделген орташа баллдың болуы туралы талап ескерілмей-ақ қатысуға хақылы.

15. "Болашақ" стипендиясына іріктеу кезінде Республикалық комиссия айқындайтын Республиканың әлеуметтік-экономикалық салаларында маманданатын кандидаттарға басымдық беріледі.

16. "Болашақ" стипендияларына квотаны жыл сайын Республикалық комиссияның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

4. "Болашақ" стипендиясын беру ережелері

17. Республикалық комиссия екі іріктеу турынан өткен үміткерлерді өз отырысына шақырады және олардың жеке ісін зерделеу мен дербес әңгімелесу өткізгеннен кейін әңгімелесудің нәтижелеріне және Қазақстан Республикасының мамандарға деген сұранысына сәйкес стипендияларға кандидаттарды іріктеп алады.

18. Екі іріктеу турынан кейін Білім министрлігі ұсынған кандидатуралардан басқа, Республикалық комиссия шетелде шет мемлекеттердің үкіметтері қаржыландыратын бағдарламалар бойынша немесе өзге де көздердің есебінен өз бетінше оқып жатқан үміткерлер арасынан кандидатураларды қарауға және іріктеп алуға хақылы.

19. Егер үміткер шетелден әңгімелесуге келе алмайтын жағдайда, ұсынылған құжаттар мен материалдарды зерделеу және талқылау жолымен сырттай шешім қабылдануы мүмкін. Бұдан кейін Республикалық комиссия оқытуға ұсынылған үміткерлерге "Болашақ" стипендиясын беру туралы шешім қабылдайды, соның негізінде "Болашақ" стипендиясы иегерінің куәлігі тапсырылады.

5. Стипендиаттарды шетелде оқытудың тәртібі

20. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиаттарын бекіткеннен кейін Білім министрлігі стипендиаттың, оның ата-анасының (асырап алушыларының, қамқоршылары мен қорғаншыларының) және Қаржы министрлігінің арасында контракт жасасады, онда тараптардың өзара міндеттемелері, оқыту шарттары, стипендиатты оқыту аяқталғаннан кейін оның контрактілік міндеттемелерін орындауының, стипендиатты оқыту үшін жасалған шығындардың өтелу тәртібі (егер ол бағдарламадан дәлелсіз себептермен шығып қалған жағдайда) көрсетіледі.

21. Контракт шетелдік жоғары оқу орындарына ақша аударуға құқық беретін негізгі құжат болып табылады. Қаржы министрлігі стипендиатты шетелде оқытуға байланысты барлық шығыстардың төлемін контракт ресімделгеннен кейін ғана жасайды.

22. Қаржы министрлігі шетелдік серіктестермен өзара есеп айырысулар жасағаннан кейін стипендиаттар Білім министрінің бұйрығымен контрактіге көзделген мерзімге оқу үшін іссапарға жіберіледі.

23. Шетелге жүрердің алдында стипендиаттар білім туралы құжаттарын (диплом мен аттестат) Білім министрлігіне сақтау үшін тапсыруға міндетті. Бұл құжаттар стипендиатқа оның оқуы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдарында жұмыс істей бастаған кезде қайтарылады.

6. Оқуын аяқтағаннан кейін стипендиаттың контрактілік міндеттемелерін орындауының тәртібі

24. Толық оқу курсы аяқтаған және диплом немесе оны алмастыратын өзге құжат алған стипендиаттар Республикалық комиссияның шешімімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарында контрактіде көзделген мерзімге, Президент Әкімшілігінің, Үкімет Аппараты мен Білім министрлігінің кадр қызметтерінің арасындағы алдын ала келісім бойынша жұмысқа орналастыруға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК